



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Әлеуметтік әріптестікті жүзеге асырудағы мемлекеттің ролі екі негізгі аспектілерге теңестірілуі мүмкін: жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы (жалпы мемлекеттік мүдделердің иелері) қатынастарды реттеуші ретінде (делдал) және еңбек қатынастарының тараптары ретінде (мемлекеттік жеке меншік ұйымдарда, мемлекеттік органдар мен мекемелерде).

Егер, бірінші жағдайда мемлекетті әлеуметтік әріптес (әлеуметтік әріптестік субъектісі) деп қарастыруға болатын болса, екінші жағдайда – тек қана жұмыс беруші (әлеуметтік әріптестік тарапынан) ретінде қарастырамыз.

Қорытындылай келе, басты назарды мемлекеттің әлеуметтік әріптестіктің құқықтық үлгісіндегі роліне аудару керектігін, мемлекет жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісім үрдісіне тікелей араласпайды, оның ролі тиімді құқықтық шарттарды құруға және әлеуметтік әріптестік тараптарының экономикалық автономдылығы үшін заңнамалық кепілдемемен қамтамасыз етуге негізделгенін айтамыз.

Қолданылған әдебиеттердің тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000922_
2. Назарбаев Н.А. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // <http://shahtinsk.gov.kz/kk/20shagov>
3. Жакупов Р.Е., Хасенов М.Х. Социальное партнерство в сфере труда: нормативная основа и баланс интересов // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2014. – №4(36). – С.138-146.
4. Лобачева Е.А. Корпоративный капитализм и эволюция трипартизма: дис. ... канд. полит. наук. – СПб., 2011. – 149 с.

УДК 349.23/24

ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Худайбергенова Перизад Талғатқызы

miss.incre@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Құқықтану факультетінің 1-курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Б. Серикбекова

Демалысқа құқық - түсінігі мен мазмұны жағынан қызметкерлердің демалысқа шығуының субъективтік құқықтары мен демалыстар туралы заңнаманы жетілдірудің теориялық және тәжірибелік жағынан маңызды орынға ие болады. Демалыстарға құқықты иелену туралы ғалымдардың зерттеу жұмыстарында бұл құқықты үнемі мынадай екі аспектіде қарастырады:

- Конституциялық құқық - еңбек етушілердің құқықтық статусының элементі;
- Қызметкерлердің субъективтік құқығы еңбек қатынасының элементі.

Тынығу уақытын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері тақырыбына зерттеу жүргізе отырып, келесідей ұсыныстар мен шешімдерге тоқтадық: Құқықтық кеңістіктегі қызметкерлердің еңбек міндеттемелерін орындаудан босатылуының басталуын (аяқталуын) сипаттайтын бір мезет болып табылатын, кезең - тынығу уақыты екен. Оның заңды ерекшелігі күнтізбелік мерзім, уақыт көлеміне сәйкес, қандай да бір заңды фактінің басталуы немесе аяқталуын белгілейтін нормалармен бекітілетіндігі.

Тынығу уақыты - еңбек құқығының дербес институты мен еңбек құқық қатынасы болып табылады.

Заң техникасы, әдіснама және өзектілік қағидасының көзқарасына сәйкес келесідей анықтама берген дұрыс: " Тынығу уақыты - заңнама, еңбек шарты, жұмыс берушінің ішкі еңбек тәртібінің актілерімен бекітілген, күнтізбелік уақыт ішінде, жұмыс берушінің қызметкерді, еңбек міндеттерін орындаудан босатып, оның еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруіне жағдай жасайтын міндеті, ал қызметкердің уақытты өз мүддесін қанағаттандыруға арнауға құқығы".

Қызметкерлердің тынығуға құқығын қорғау - бұл бұзылған еңбек құқықтарын орнына келтіру, туындаған кедергілерді жою, келтірілген зиянның орнын толтыру, тынығу құқығының бұзылу туралы ескертетін заңды әрекет. Тынығу құқығын қорғау еңбек нормаларының қолданылуы, жауапкершілікке тарту еңбекті және қызметкерлердің мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты болғанымен, өз дербестігін сақтай отырып, аталған ұғымдардың біреуіне де жатқызуға болмайды.

Қызметкерлердің тынығу құқығын қорғауды дербес, жеке жүйе ретінде: қызметкерлердің тынығу құқығын қорғау, оны қорғаудың жолдарын анықтау, құқықтық мәжбүрлеу шаралары мен процедуралардың тәртібін бекітіп беретін, құқықтық институттарының арақатынасының жүйесін білдіреді. Ол құқықты қорғаудың біріңғай жүйесінің негізі - заңмен шектелмеген, барлық амал тәсілдермен өзінің тынығу құқығын қорғаудағы материалдық құқығы . Қорғау құқығы заңмен реттелген, әртүрлі нысанда жүзгізіледі.

Қызметкерлердің тынығу құқығын қорғаудың біріңғай жүйесі Конституциялық нормаларға сәйкес келеді. Оның негізгі элементтері ретінде нақты қорғау нысандары (соттық қорғау, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ұжымдық нысан, өзін-өзі қорғауы және басқалар) саналады. Бұл құқық заңмен белгіленген негіздер (берілмеген тынығу уақытын қалпына келтіру, үстеме жұмыстар бойынша ақы төлеу, зиянның орнын толтыру және т.б) бойынша, әртүрлі амал - тәсілдермен жүзеге асады. Аталған (материалдық - құқықтық) нормалар қызметкерлердің тынығу құқығын қорғаудың біріңғай функционалды жүйесін құрайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында қызметкерлердің жұмыс уақытты тынығу уақытымен тығыз байланыста белгіленген. Аталған бапта «Өркімнің тынығу құқығы Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі делінген. Жұмыс уақыты — қызметкер жұмыс берушінің актілері мен еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт.

Қызметкерлердің тынығу құқығын реттеу, заң мен ішкі еңбек тәртібіне дейінгі барлық нормативтік құқықтық актілердің пәні болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының аумағында, азаматтың тынығуға құқығының реттеуші еңбек құқығы институтының, қоғамдық маңызға ие екендігін көруге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бап, 4-тармағында "Кез-келген адам демалуға құқылы. Еңбек шартымен жұмыс істейтін қызметкерлерге жұмыс уақыты мен демалыс және мереке күндері, жыл сайынғы ақылы демалыс беруге заңмен кепілдік беріледі" делінген.

Бұл анықтамаға талдау жасай келе, "кез-келген адам" ретінде "еңбек шартына отырған жұмыс істейтін тұлға" емес, "нақты жұмыс істейтін тұлға деп түсінеміз, яғни бұл ұғымдағы екінші сөйлем бірінші сөйлемге анықтама бермейді. Р.Н. Лыгиннің айтуы бойынша "кез-келген" бұл барлық тұлғаларға қатысты айтылады.

Сондай-ақ, заңды күшін жойған "Еңбек туралы" заңда: "Еңбек қатынастары - жұмыс беруші мен қызметкер арасында орындайтын, еңбекке қатысты құқық және міндеттің пайда болуынан бастап, жеке еңбек шарты, ұжымдық шартқа отырғаннан басталады" - деген, яғни еңбек шартына отырмай, қызмет ететіндердің де еңбек қатынасына түсетіндері туралы айтылады, бірақ келіспеушілік туындаса, тәжірибе жүзінде сотта дәлелдеу қиындығын туғызады, да көп жағдайда қызметкерлер сотқа бара бермейді. Сондықтанда да

Қазақстан Республикасының Конституциясында: кез-келген адам тынығуға құқылы деп атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық қызметкерлерге - тынығуға құқықты - адам құқығы ретінде белгілейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2016 жылғы 1 қаңтардағы, Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 2007ж., №9, 65- құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 22 мамыр.
2. СУ РСФСР. 1918. №43. 527 б.
3. Л.Я. Гинзбург Указ.соч.. 17 бап.
4. Известия НТК КСРО. 1923 №4-28
5. А.Ф. Лях "Отпуска основные, дополнительные и по болезни" М. 1927. 9 б.
6. Известия НТК КСРО. 1930 ж. №13.
7. О.С. Хохрякова "Правовое регулирование отпусков: история, теория, перспективы совершенствование". Дисс.на соис. уч.степени доктора юр.наук М: 1992ж 21б.
8. ГКТ КСРО Бюллетені. 1960 ж. №7.
9. В. Миронов., з.ғ.к., "Отпускнику на заметку" Труд 25 маусым 1992 ж. 28 б.
10. СНК КСРО 4 желтоқсан 1935ж // СЗ КСРО, 1935, №53. 437 бап.
11. С.Б. Идрисова "Последствия недействительности условий трудового договора". Дис.на соис.уч.степ. канд. юрид. наук. Алма-Ата: 1980ж
12. А.Е. Пошерственник Указ.соч.. 100 б.
13. В.А. Нови: Материалы о функционировании состояния центральной нервной системы у человека при физической и умственной работе. // Сборник материалов конференции по проблемам физиологии процессов утомления и восстановления. АН УССР. Киев 1955.
14. №20-III "ҚР заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы. 23 желтоқсан 2004 жылғы ҚР Еңбек туралы заңы. // www.base.zakon.kz

УДК 347.99(2).3

ДИЗАЙН КАК ОБЪЕКТ ПРАВОВОЙ ОХРАНЫ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Шаккалиева Айгерим Армановна

shakkaliyeva@mail.ru

студентка 2-го курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.Т. Адышев

Правовое обеспечение индустрии моды.

Правовое обеспечение индустрии моды – это относительно новое направление в праве, ориентированное на решение повседневных правовых задач специалистов, занятых в данной сфере [1]. В английской и американской правовой литературе это направление получило название права моды или модного права - fashion law, во французской – модного права, права роскоши, дизайнерского права - droit de la mode, droit du luxe, droit du design, в итальянской – права моды или модного права - diritto della moda, в испанской нередко заимствуется английский термин fashion law либо используется испанский вариант - derecho de la moda, который также можно перевести как право моды или модное право.

На современном рынке модные компании представлены в самых разнообразных формах. Составленная специалистами Лондонского колледжа моды выборка из возможных организационно-правовых форм демонстрирует, что наиболее популярны: